



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Луи Альтуссер: Идеология және
мемлекеттің идеологиялық
аппараттары



Мақсаты: Луи Альтуссердің идеология мен субъекттің өзара қарым-қатынасы мәселесіне арналған «Идеология және мемлекеттің идеологиялық аппараттары» эссесімен танысу.

Тірек сөздер: идеология, индивидуум, субъект, сана, идея, сенім, іс-әрекеттер, тану, мойындау, нақты іс-әрекет, ғұрып, идеологиялық аппарат.

Бұл дәрісте Луи Альтуссердің «Идеология және мемлекеттің идеологиялық аппараттары» атты эссесінің үзіндісі туралы сөз ететін боламыз.

Луи Альтуссер 1960 жылдардағы Францияның танымал марксистік философ-структуралисі, антологияны құрастырушылардың бірі. Өзінің 1968 жылы жарияланған танымал эссесінде Альтуссер дәстүрлі түрде «жалған сананың бір түрі», адамның материалды дүниемен қиялдағы байланысын қолдайтын тәжірибелер мен институттардың жиынтығы ретіндегі идеологияны сипаттайды.

Идеология

Идеология – индивидтің ақиқат тіршілік ету шарттарына қиялдағы қатынасы туралы түсінік. Идеологияның құрылымы мен қызметі туралы негізгі тезисті қалыптастырмас бұрын, Л. Альтуссер екі болжамды тезисті ұсынады: біреуі – негативті, екіншісі – позитивті. Объектінің біріншісі идеологияның жалған формасын, екіншісі – материалдылығын білдіреді.

Тезис I: идеология дегеніміз – индивидтің ақиқат тіршілік ету шарттарына қиялдағы қатынасы. Діни идеологияны, этикалық идеологияны, құқықтық идеологияны, саяси идеологияны т.б. «дүниетаным» деп атау қалыптасқан. Әрине, осы аталған идеологиялардың еш бірінде ақиқат жоқ (мәселен, Тәңірге сену, борыш, әділеттілік т.б.) деп ойлайтын болсақ, идеология сыни тұрғыдан қараған боламыз. Этнолог «алғашқы қауымның» мифін қарастырады. Алайда бұл дүниетаным – жалған, яғни шындыққа жанаспайтын болып саналады.

Десек те, олар ақиқатқа сай келмейтінін, олардың бәрі иллюзия екенін мойындай отырып, идеологияда ақиқатқа деген ишара бар екенін, қиялдағы түсініктен әлемнің шындығын анықтау үшін (идеология – иллюзия, ишара) олар өзара «интерпретацияланатынын» көреміз.

Идеологияға берілген анықтамалар көп, олардың ішінде ең көп таралғаны XVIII ғасырда белсенді қолданылған механикалық анықтама. Бұл анықтамаға сүйенсек, Тәңір – ақиқат патша туралы адамның қиялындағы бейне, герменевтикалық түсінік. Бұл түсінікті алғаш болып Шіркеудің әкейлері құрастырып, кейіннен Фейербах пен теология-философиялық мектептің өкілдері, мәселен, дін маманы Барт (Фейербахтың анықтамасына сүйеніп) қайта жандандырған. Бұл анықтамалардан біз мынадай қорытындыға келеміз: идеологияда адамдар өздерінің ақиқат тіршілігін қиялында елестетеді.

Екіншіше орай, бұл интерпретация бір үлкен мәселенің шешімін сол күйі тауып бере алмады: адамдар өздерінің ақиқат тіршілігін көзге елестету үшін оны алдымен, қиялында транспозициялауы не үшін қажет?

Бірінші жауап (XVIII ғасырда) оп-оңай шешімін тауып бергендей: басты жауапкершілік дін қызметшісі немесе деспотқа жүктеледі. Себебі олар адамдар Тәңірге бағынып отырмыз екен деп, негізінде дінбасылар мен деспоттарға бағынатындай сөздерді әдемі қолданады. Сондықтан адамның ақиқат тіршілігін транспозициялаудың себебі бар: өмірде адамдардың бір тобы өмір сүреді, өздерінің билігін пайдаланып, әлем туралы жалған түсінік қалыптастырып, халықты қанайды.

Екінші жауап (Фейербахтікі, Маркс оның пікірін сөзбе-сөз өзінің алғашқы зерттеулерінде қолданған) бірінші жауапқа қарағанда, күрделірек әрі тереңдеу. Әлемнің ақиқат бейнесін қиялда транспозициялау себебі – адамдардың ақиқат түсініктен қиялға қарай шеттеуі деп түсіндіреді, яғни адамдардың өмір сүру жағдайларын жеңілдету үшін материалды қиялы. Сонда «Еврейлік мәселелер» және басқа да еңбектерінде Маркс Фейербахтың идеясын қолдап, адамдар өздерінің тіршілік шарттарын қиялдайды деп көрсетеді.

Осы тұжырымдамалардан кейін Альтуссер ең алғашында ұсынған тезисіне қайта оралады: идеологияда адамдар өздерінің ақиқат тіршілігін, ақиқат әлемді емес, өздерінің оларға қиялындағы қарым-қатынасы көрінеді. Міне, осы қатынастар кез келген идеологияның, яғни ақиқат әлемнің қиялдағы бейнесіне негіз болған.



Марксистік риториканы пайдалана отырып, Альтуссер мынадай тұжырым жасайды: өндіріс агенттері, репрессия құрбандары, идеологиязация мен ғылыми тәжірибенің өкілдері болып табылатын тұлғалардың өздерінің өмір сүру шарттары туралы түсінігі шын болса, мынадай қорытынды жасауға болады: идеология міндетті түрде бұрмаланып, өндірістегі қарым-қатынастарды емес, индивидтердің осы өндірістік қатынастарға қиялындағы көзқарасын білдіруі керек. Сондықтан идеологияда ақиқат қатынастар жүйесі емес, индивидуумдардың өздері өмір сүретін ақиқат қатынастарға қиялындағы көзқарастары көрінуі керек.

Тезис II: идеология дегеніміз – материалды өмір. Идеологияны қалыптастыратын идеялар немесе түсініктер – идеалды немесе рухани өмір емес, материалды өмір. Альтуссер идеалды және рухани өмір идеялар идеологиясынан туындайды деп есептейді. Сенімді түрде ұсынылған осы тезис әлі күнге дәлелденбей келеді. Оны дәлелдеу үшін көптеген дәлелді фактілер келтіру керек болады.

Идеялар мен түсініктердің рухани емес, материалды сипаты туралы гипотетикалық тезис идеологияның табиғатын талдау үшін қажетті болып саналады. Тіпті міндетті деп айтуға болады.

Идеологиялық мемлекеттік аппараттар мен тәжірибелерін талқылау барысында Альтуссер олардың әрқайсысы идеологияны жүзеге асыру құралы болып табылатынын айтады (әртүрлі діни идеологиялардың бірлігі – діни, этикалық, құқықтық, саяси, эстетикалық т.б. – билік құрып тұрған идеологияға ғана тиесілі). Ендігі кезекте ғалымның тезисіне қайта оралайық: идеология белгілі бір аппараттарда, тәжірибелерде ғана өмір сүре алады. Міне, осы өмір – материалды деп танылады.

Әрине, идеологияның белгілі бір аппараттар мен тәжірибелердегі материалды болмысының ешқандай модалдылық сипаты жоқ. Мәселен, көшелерге тас төсейтін құрал. Неоаристотелизмге жатқызу қаупіне қарамастан (Маркс Аристотельді жоғары бағалаған), Альтуссер «материяның мағыналары әртүрлі, сондықтан оны әртүрлі модалдылықта қолданылады, ақыр соңында физикалық материяға тіреледі» деп пайымдайды.

Идеялардың материализациясы

Содан кейін Альтуссер идеологияда өмір сүретін, яғни анық әлемде (діни, этикалық т.б.) индивидуумдардың жағдайы қандай болғанын қарастырып өту керек деп есептейді. Индивидуумдардың қиялдағы қатынасы материалды деп танылады.

Индивид Тәңірге, борышқа немесе әділдікке т.б. сенеді. Осы сенім индивидтің идеяларынан санаға қарай жүзеге асырылады (былайша айтқанда, идеология туралы идеологиялық түсінікпен өмір сүретін жер үшін идеология – идеяларға сүйенеді). Санаға ие субъект өзі сенетін идеяларды еркін әрі оңай қабылдайды.

Адам баласы субъект ретінде өзінің санасында ерікті түрде таңдаған белгілі бір іс-әрекет етеді, үздіксіз тәжірибелерге қатысып отырады. Егер ол Тәңірге сенсе, шіркеуге барады, тізесін бүгіп, құлшылық етеді, тәубеге келеді т.б. Егер адам борышқа сенсе, борышқа сай келетін ұстанымдарға сүйеніп, әрекет етеді. Егер адам әділеттілікке сенсе, заңның нормаларына сөзсіз бағынады. Тіпті осы заң бұзылса, қарсылық білдіріп, петицияға қол қойып, ереуілге шығуы мүмкін т.б.

Шындығында, адам баласы өзінің сеніміне сай әрекет етпесе, бұрыс нәрсе жасап жатқандай болады. Сол кезде ол идеологиялық сызбаныны құрастырады: адамның басында аузынан шыққан сөздер емес, мүлде басқа идеялар тұр. Бұндай адам не тұрақсыз, не арсыз, не бұзақы.

Сонда кез келген жағдайда идеология – оны қиялда бұрмалауға қарамастан, адами субъект өзінің іс-әрекетінен көрінетінін, немесе жасаған әрекетіне сай келетінін көрсетеді. Бұл идеология амалдар туралы, ал Альтуссер тәжірибенің ажырамас бөлігі болып саналатын іс-әрекеттер туралы айтып отыр. Амалдарды ғұрыптар реттеп отырады: шағын шіркеу ішіндегі шағын құлшылық, жерлеу, спорт клубындағы шағын матч, мектеп күні, саяси партиялардың жиналысы т.б.

Біз Паскальдың қорғаныш «диалектикасының» алдында қарыздармыз. Бұл диалектика идеологияның мағыналық сызбасын жасауға септігін тигізеді. Паскаль былай дейді: «Тізеңізді



бүгіңіз, дұға етіңіз, сол кезде сенесіз». Демек, Паскаль Иса Мәсіх секілді заттардың қалыптасқан тәртібін бұзып, шатақ шығарып тұр. Шатақ – оның қарсылық білдіруі.

Идеялардың материалды табиғаты

Субъект туралы сөз еткендей, сенім туралы идеялар – идеялар материалды ғұрыптармен басқарылып, материалды аппараттармен айқындалатын материалды іс-әрекеттерде көрініс тапқанда ғана, материалды болып саналатынын айта кету керек. Осы жерде біз материалды сөзін төрт рет қолдандық. Бұл материалдылық ұғымының жан-жақты екенін дәлелдейді. Альтуссер, тізе бүгу, шоқыну, мойынсұну, вербалды сөйлеу мене тілдік сана, тәубе ету – осының бәрі материалдылық болып саналатынын айтады.

Заттар туралы осы сөз етілген түсінікке қарайық: кейбір ұғымдар мүлдем жоғалып кетті, жаңа терминдер пайда болды. «Идея» термині жойылды. «Субъект», «сана», «сенім», «іс-әрекет» терминдері сақталып қалды. Керісінше, «практикалық іс-әрекет», «ғұрыптар», «идеологиялық аппарат» терминдері пайда болды. Сондықтан бұл – инверсия немесе төңкеріс еді, ал оның нәтижесі мынадай болды: ғұрыптармен реттеліп отыратын іс-әрекеттерде көрінетін идеялар мүлдем жойылды. Демек, субъектінің іс-әрекетіне мына жүйелер әсер ететіні анықталды: материалды идеологиялық аппарат арқылы өмір сүретін, материалды ғұрыптармен реттеліп отыратын идеология.

Субъект

Жасалған талдаулар нәтижесінде мынадай ұғымдар сақталып қалған: субъект, сана, сенім, іс-әрекеттер. Альтуссер ұсынған ұғымдар ішінен ең бастысын айта кетейік. Бұл – субъект ұғымы, ал қалған ұғымдар осы субъектінің төңірегіне жинақталған.

Одан ары қарай Альтуссер өзара байланысты екі тезисті ұсынады:

- 1) Идеологиядан басқа ешқандай тәжірибе жоқ;
- 2) Идеология субъекттің өзінде және субъектіге арналған болады.

Автордың негізгі тезисі: Идеология субъектілер ретіндегі индивидуумға арналған. Бұл тезис менің тұжырымды айқындай түседі: субъектінің өзінде болатын және субъектіге арналған идеология ғана болады. Яғни нақты субъектілердің идеологиясынан басқа идеологиялар болмайды. Ал субъект деп – оның қызметін бірге түсіну керектігі айтпаса да, түсінікті болар.

Буржуазиялық идеологияның туындауымен субъект атауы, субъект категориясы кез келген идеологияның құрылымдық категориясына айналды. Идеологияның тарихы болмайды.

Альтуссер субъект категориясы – кез келген идеологияның құрамдас бөлігі болып табылады деп есептейді. Сонымен қатар, Альтуссердің тұжырымдары мен қорытындысын ары қарай түсіну үшін мына мәселеге назар аудару керек: осы сөздерді оқып отырған және жазып отырғандар – субъектілер болып саналады. Демек олар идеологиялық субъектілер, яғни автор мен оқырман – идеологияда «адам баласы табиғатынан идеологиялық мақұлық» деген тұжырым бойынша өмір сүреді деген сөз.

Әулие Павел «Логоста», яғни идеологияда біз «өмір сүреміз, қозғаламыз, өзіміздің тіршілік ету қалпымызға келеміз» деп айтады. Бұдан шығатыны – субъект категориясындағы адам үшін – бұл бастапқы айқындылық: яғни біздің бәріміз – субъект болып саналамыз (ерікті, тәрбиелі т.б.). Сөз «заттарды атайды» және «мағынаға ие болады» (демек, бұл – «тілдің айқындығы») және біздің бәріміз – субъект болып табылатынымыз да айқын. Осының бәрі – қарапайым идеологиялық нәтиже болып табылады. Идеологияның басты ерекшеліктерінің бірі – бізге айқындылықты айқындылық ретінде дәлелдеу (қалай жүзеге асқанына назар аудармайды, себебі осының өзі айқындылық). Соған қарай адам баласының қалыпты реакциясы болатынын мойындамауға болмас: «Бұл – ап-айқын дүние ғой! Дәл солай! Бұл – рас!».



Осы сөздерде тану, мойындау секілді идеологиялық әрекеттер көрінеді. Ал тану не мойындау – идеологияның екі қызметінің бірі (бір қызметі – танымау, мойындамау).

Осы ескертпелер мен нақты мысалдар арқылы Альтуссер адамдар – әрдайым субъект болып саналатынын, субъект ретінде идеологиялық тану (мойындау) ғұрыптарын тұрақты түрде жүзеге асырып отыратынымызды, сондықтан адамдар – нақты, тұлғалық айырмашылықтары бар, қайталанбас субъектілер. Альтуссер өзінің жазған эссесі және біздің оны оқуымыздың өзі – ғұрыптық идеологиялық тану/мойындау болып табылады. Осында айқындылық көрініп тұр: оқырман автордың «шындығы» мен тұжырымындағы «қателігі» байқалып тұр.

Біз – субъектіміз және тәжірибелік ғұрыптарда әрекет етеміз (қол алу, атымызды атау – осының өзі бізді ерекше субъект етіп тұр). Біздің идеологиялық тану/мойындау тәжірибеміз ешқашан тоқтамайтынын «саналы түрде түсіну» керекпіз. Альтуссер біз әрекетімізді мойындағанымызды түйсінеміз, бірақ тану не мойындау механизмі туралы ешқандай біліміміз жоқ деген пікір айтады. Сонда механизм туралы білу үшін осы идеологияның ішінде іздену керекпіз. Осы идеология ішінде дискурсты белгілеуге тырыссақ, идеология туралы ғылыми дискурс қалыптастырамыз.

«Субъект» категориясы – идеологияның құрамдас бөлігі екенін түсіну үшін Альтуссер түсіндірме берудің арнайы форматын қолданады: нақты және дерексіз. Нақты – тануға болатындай және дерексіз – ойланып, жаңа білім алу үшін түйсіне білетіндей.

Альтуссердің бірінші тұжырымдамасы: кез келген идеология нақты индивидуумдарды олардың іс-әрекетіне қарай нақты субъект ретінде қарайды. Бұл тұжырымға сүйенсек, бір жағынан, нақты индивидуум мен нақты субъект арасында айырма бар; екінші жағынан, кейбір индивидуумдардың іс-әрекеті арқылы нақты субъектілер айқындалады.

Альтуссер «әрекет етеді» және «қызмет етеді» идеологиясы индивидуумды субъектіге «трансформациялайды». Бұл адамдардың іс-әрекетінен көрінеді, мәселен полицейдің немесе басқа да адамның адамдар тобына қарата айқайлауы: «Әй, иә, сендер!». Бұл сөзге топ ішіндегі әрбір адам назар аударары хақ. Қарап тұрсақ, ешкімнің аты нақты аталған жоқ, бірақ әркімге арналып тұр. Бұл көрініс көшеде орын алғандықтан, денесін қарапайым бұрып қараған әрбір адам – субъектке айналады. Неге? Себебі ол қаратпа сөздерді өзіне қатысты айтылды деп таниды, әрі қаратпа сөздердің басқаға емес, дәл өзіне бағытталғанын мойындайды. Тәжірибеге сүйенсек, нақты коммуникативті іс-әрекеттер – өзі бағытталған адамға міндетті түрде қатысты болады: қарату үшін айқай салу немесе ысқыру – адамның осы әрекеттің өзіне бағытталғанын мойындауы деген сөз. Бұл – қызықты құбылыс, Альтуссер оны «кінәлілік сезімімен» түсіндіруге болмайды деп есептейді. Сонда топ ішіндегі адамдарға басқалар айқай салып, өзіне шақырса не қаратса, демек олардың белгілі бір деңгейде «кінәсі болған соң», назар аударып тұру керек еді.

Альтуссер идеологиядан тыс (мәселен, көшеде) болып жатқан әрекеттер шынтуайтына келгенде, идеологияның ішінде өрбіп жатқанын айтады. Идеологияның ішінде болып жатқандар одан тыс өрбіп жатқандай көрінуі мүмкін. Сондықтан идеологияның ішінде бола тұра, кейбір адамдар өздерін идеологиядан тыс кеңістіктеміз деп ойлайды: идеологияның басты нәтижелерінің бірі – идеологияның идеологиялық сипатты жоқ деп тануы: идеология ешқашан өзін: «Мен идеологиялық сипаттамын!» деп айтпайды. Идеологиядан, яғни ғылыми білімнен тыс өтіп, біз: идеологияның ішіндемің немесе идеологияның ішінде болғанмын деп айта аламыз. Әдетте, идеологияға жатады деген түсінік басқа адамдарға қатысты айтылады. Адам ешқашан өзін идеологияға жатамын деп мойындамайды. Идеология өзі туралы айтып жатқан жоқ.

Идеология индивидуумдарды субъект деп қарайды. Идеология – мәңгі, сондықтан оның уақытша формасынан құтылу керек. Альтуссер мынадай қорытынды жасайды: индивидуумдар әрдайым субъект болып табылады. Демек, индивидуумдар субъектілерге қарағанда, дерексіз. Әрине, бұл айтылғандар – парадоксалды болуы мүмкін.

Адам – дүниеге келмей тұрып-ақ, субъект деп танылатыны – ақиқат шындық. Фрейд индивидуумдар идеологиялық ғұрыпты белгілей отырып, «туылуын» күткен субъектілерге қарағанда, «дерексіз». Баланың дүниеге келуін барлығы асыға күтетіні белгілі. Проза тілімен айтсақ, отбасылық идеология формаларын артқа тастасақ (әкелік, аналық, жұбайлық, ағалық т.б.), бала міндетті түрде әкесінің атын алатынын мойындаймыз. Демек, бала туылмай тұрып-ақ өзіндік ерекшелікке ие, әрі қайталанбайтын жаратылыс болып тұр. Сөйтіп, бала туылмай тұрып субъект ретінде танылып тұр.



Альтуссер идеологияны жалпы сипаттайды. Идеологияның екі жақтық құрылымы мынадай мәселелерді қамтамасыз етеді:

- Индивидуумдарды субъект деп қарау;
- Оларды субъектіге бағындыру;
- Субъект пен субъектінің өзара мойындауы тануы, былайша айтқанда, субъектінің екінші субъектіні тануы, және субъектінің өзін мойындауы;
- Субъектілер өздерінің кім екенін мойындап, соған сай әрекет етсе, барлығы жақсы болатынына кепілдік беру: Әумин: лайым солай болғай.

Нәтижесі мынадай: осы аталған төрт жүйеге еніп, субъектілер өздігімен әрекет етеді. Олардың арасында «жаман субъектілер» жоқ, мемлекеттік аппараттың белгілі бір органдарына ешкім араласпайды. Жақсы субъектілердің көпшілігінің әрекеті дұрыс, яғни идеологияға сай әрекет етеді. Олар «барлық нәрсе, қалай болуы керек болса, дәл сондай болып тұрғанын» мойындайды, яғни Тәңірге, өзінің ар-ұятына, дінбасыға, де Голльге, басшысына, инженерге адал болып, «жақынын өзін сүйгендей, жақсы көреді». Олардың нақты, материалды іс-әрекеті – өзінің өміріне мынадай жақсы сөздерді бекітіп алуы: «Әумин, лайым солай болғай!».

Әрине, субъектілер «өздігімен әрекет етеді». Мәселенің түйіні – субъект терминінің амбиваленттілігінен көрінеді. Әдетте, субъект термині мынадай мағыналарды білдіреді:

- Ерікті субъективтілік, бастамалардың өзегі, өз іс-әрекетіне жауапты тұлға;
- Жоғары билікке бағынып, еріксіз (тек өз еркімен мойынсұруды ерікті түрде қабылдағаны болмаса) тұлға.

Демек, субъект екі түрлі мағынада қолданылып тұр. Индивидуум басқа субъектіге мойынсұнғанда, өзінің мойынсұнғанын білдіретін іс-әрекеттер мен ым-ишараттарды өз еркімен қабылдайды. Субъектілер біреуге бағынады немесе бағыну үшін жаралған. Сондықтан олар «өздері үшін әрекет етеді»

«Лайым солай болғай!» фразасы – алынуы тиіс нәтижені білдіріп тұр. Бұл фраза барлық нәрсе қалай болуы керек болса, солай болуы тиістігін білдіріп тұр. Альтуссердің ойынша, бұл тұжырым өндірістік қатынастарды, былайша айтқанда, белгілі бір қызметті атқаратын жекелеген субъектілердің әлеуметтік-техникалық іс-әрекеттерін (еңбекті бөлу, репрессия, идеология, ғылыми тәжірибе т.б.) көрсету үшін қажетті.

Басқаша айтқанда, идеология мен мемлекеттің идеологиялық аппараттары – тоқтаусыз әрекет етеді. Субъект пен индивидуумның өзара келісімді түрде мойындалу механизмі – субъектілердің басқа субъектілерге бағынуын ерікті мойындау немесе тануға кепілдік береді.

Осы механизмде қарастырылып отырған ақиқат шындық – өндірістік қатынастарды жүзеге асыру деген сөз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Идеология материалды, нақты іс-әрекеттерден қалай көрініс береді?
2. Адамның шынайы төмір сүруі мен тіршілік туралы қиялы түсінігі арасындағы айырмашылық неде?